

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

30 қазан 2019 ж. жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші
орынбасары – қаржы министрі
Ә.А. Смайыловқа

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Парламент депутаттарымен ақырғы жылдары салынған топтық су құбырларын субсидиялау қажеттілігі туралы мәселе бірнеше рет көтерілген.

Алайда, жауапты Министрліктермен: Индустрия және инфрақұрылымдық даму (әрі қарай - ИИДМ), Қаржы (әрі қарай – ҚаржыМин), Ауыл шаруашылығы және сондай-ақ, Су ресурстары комитеті олардың қарауына өткен соң - Экология, геология және табиғи ресурстар (әрі қарай - ЭГТРМ) атаулы мәселелер келесі себептерге байланысты шешімін таппай отыр:

- ЭГТРМ Республикалық бюджеттік комиссияның жаңа объектілерді ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын, сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінің тізіліміне (әрі қарай - Тізілім) енуін мақұлдауына қол жеткізе алмай отыр;
- Қаржы министрлігіне Мемлекет басшысының монополистік кәсіпорындарға тарифтерді төмендету жөніндегі тапсырмаларын ескере отырып, су тарифтерін субсидиялау бойынша есептеулер берілмеген.

Алайда, нәтижесінде бұл сұрақ екі жылдан бері шешілмей келе жатқандығының бұдан да зор мәселелері бар.

Топтық сумен жабдықтау жүйелері болып - бірнеше елді мекендерді сумен қамтамасыз ететін күрделі гидротехникалық құрылымдар табылады. Тарихи тұрғыда олар Су ресурстары комитетінің «Казводхоз» РМК балансында тұрған және олармен басқарылған. Олардың энергия сыйымдылығының нәтижесінде

суға тарифтер жоғары еді және, әдеттегідей, олар мемлекеттік бюджеттен субсидияланған болатын.

Алайда, 2009 жылдан бастап субсидияланатын объектілердің Тізіліміне **оқшау су құбырлары қосылған** болатын (30.03.2009 жылғы №426 Үкімет қаулысы).

Сонымен, бүгінгі таңда мемлекет бойынша Тізілімге сәйкес **936** сумен жабдықтау қондырғысы субсидияланады, оның ішінде **тек 65-і ғана топтық су құбырлары**.

Енді жаңа нысандарды субсидиялау туралы мәселе көтерілген кезде, ИИДМ уәкілетті орган ретінде, аймақтардан келіп түскен барлық өтініштерді жинауға мәжбүр. Ал өңірлер өз кезегінде, Республикалық бюджеттен (*бұдан әрі - РБ*) субсидия алу мүмкіндігін пайдалана отырып, бүгінгі күні 170 жаңа өтінім жіберіп отыр (оның 164-і оқшау және 6-сы ғана топтық (Кентау-Түркістан және Беловодск топтық су құбырларын қосқанда).

Ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасының іске асырылуымен жыл сайын объектілердің саны артады, әсіресе таңдау критерийлері болмағандықтан.

Сумен жабдықтаудың жаңа нысандары тізімге енгізілгендіктен, мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру да өсуде. Сонымен, 2019 жылы РБ-ға (жалпы сипаттағы трансферттермен) су тарифін субсидиялауға **11 млрд. теңге** қарастырылған. Тарифтерді төмендету туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау нәтижесі бойынша – субсидиялардың экономисы тек **337 млн. теңгені** ғана құрайды. ИИДМ-нің және ЭГТРМ-нің ақпараты бойынша Тізілімге 170 жаңа объектілерді енгізген жағдайда қосымша **1,8 млрд теңге** қажет болады.

Су тарифтеріне қатысты бөлек мәселе. Субъектілерге судың тарифтерін Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (*бұдан әрі - ТМРК*) аймақтық департаменттері белгілейді. Құны 1 текше метр. ауыз судың мөлшері **54 тг** бастап (Қарағанды облысы, «*Жигер Су*» КМК) **3564 теңгеге дейін** (Қостанай облысы, «*Арқалық жылуэнергетикалық компания*» КМК).

Ауылдық жергілікті жерлердегі (АЖЖ) сумен жабдықтау ұйымдары негізінен мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар (МКК) болып табылады. Оларға жергілікті атқарушы органдар (*бұдан әрі - ЖАО*) коммуналдық шаруашылықтың қосымша функцияларын жүктейді. *МКК-дың шығындалмауының мақсатында* ЖАО суға төмен тарифтің қойылуына қызығушылық танытпайды, ал әлеуметтік тұрақтылықты сақтау үшін оны субсидиялауды сұрайды.

Сонымен қатар, салалық министрліктер арасында функционалдық сәйкессіздік бар. Нысандар Тізілімі ЭГТРМ-мен бекітеді. Сонымен қатар, бағдарлама әкімшісі, қаржыландыру және Субсидиялау ережелерін бекіту бойынша жауапты ИИДМ. Біздің ойымызша, ИИДМ-нің міндеті - нысандарды салу және пайдалануға беру, су нысандарын одан әрі пайдалану болып табылады, ал ЭГТРМ құзырлығына саясатты әзірлеу кіруі тиіс.

Ағымдағы жағдайды тұрақтандыру және бірыңғай тәсілді енгізу үшін біз келесіні қажет деп санаймыз:

1. Сумен жабдықтау объектілерін субсидиялауына қатысты өкілеттіктерді бөлу қажет, нақтырақ айтсақ, «Казводхоз» РМК балансында тұрған топтық су құбырлары РБ-ден субсидиялануы жалғастырылсын, ал оқшау су құбырларын субсидиялау және қаржыландыру өкілеттіліктері ЖАО-ры деңгейіне берілсін (мемлекеттік деңгейлер арасындағы өкілеттіктерді бөлу аясында).

2. Қаржымин-іне, ИИДМ және ЭГТПМ-ге ҰЭМ-нің ТМРК бірге тарифтердің ашықтығына қатысты бірлескен талдау жүргізу қажет;

3. Ауыз суға тең қол жетімділікті және халыққа тариф бағасының әділ болуын қамтамасыз ету үшін, Ережеде субсидиялаудың жаңа өлшемдері қарастырылу мүмкіндігін зерделеу қажет.

Мысалы, «бір текше метріне 300 теңгеден асатын судың құны субсидиялауға жатады». Яғни, егер тариф текше метр үшін 300 теңгеден төмен болса - субсидияланбайды. Егер жоғары болатын болса, онда айырмашылыққа байланысты: бір текше метріне тариф - 500 теңгені құраса - 200 теңгесі субсидиялануға жатады; ал тариф 1000 теңге болса - 700 теңгесі субсидияланады. Бүгінгі таңда өтініш бергендердің баршасы тарифтерінің төмендігіне қарамастан субсидия алып отыр. Бір текше метріне тарифтің құны - 100 теңге болған жағдайда, оның 70% субсидияланып, оның тек 30 теңгесін ғана тұтынушылардың төлеп отырған мысалдарды да келтіре аламыз. Осындайда құндылық пен үнемдеушілік туралы сұрақ туындайды, атап айтып отырғанымыз - ауыз су туралы зой.

Депутаттар

Әшімбетов Н.К.

Оспанов Б.С.

Әлтаев Н.Б.

Барлыбаев Е.Х.

Звольский С.А.

Қаныбеков С.Ә.

Қоңыров А.О.

Теміржанов М.Б.

Оглашен: 30 октября 2019 г.

Первому Заместителю
Премьер-Министра – министру
финансов Республики Казахстан
Смаилову А.А.

Депутатский запрос

Уважаемый Алихан Асханович!

Депутатами Парламента неоднократно поднимался вопрос о необходимости субсидирования групповых водопроводов, построенных за последние годы.

Однако ответственными Министерствами: Индустрии и инфраструктурного развития (*далее - МИИР*), Финансов (*далее - Минфин*), Сельского хозяйства, а затем Экологии, геологии и природных ресурсов (*далее - МЭГПР*) в связи с переходом к нему Комитета водного хозяйства, данный вопрос не решается ссылкой на следующие причины:

- МЭГПР не может согласовать на Республиканской бюджетной комиссии включение новых объектов в *Перечень особо важных групповых и локальных систем водоснабжения, являющихся безальтернативными источниками питьевого водоснабжения (далее - Перечень)*;

- Минфину не представлены расчеты по субсидированию тарифов на воду, в том числе с учетом поручения Главы Государства о снижении тарифов монопольным предприятиям.

Однако имеется более масштабная проблема в результате чего уже **два года** не решается данный вопрос.

Групповыми водопроводами являются сложные гидротехнические сооружения, обеспечивающие водой несколько населенных пунктов. Исторически они состояли на балансе и эксплуатировались РГП «Казводхоз» Комитета водного хозяйства. В следствии их *энергоёмкости* тарифы на воду складывались высокие и как правило их субсидировали из госбюджета.

Однако, начиная с 2009 года (Постановление Правительства №426 от 30.03.09), в Перечень субсидируемых объектов были включены **локальные водопроводы**. Таким образом в настоящее время по стране, согласно Перечня, субсидируется **936** водо-снабжающих объекта, из которых всего **лишь 65 - групповые водопроводы**.

Теперь, когда поднимается вопрос субсидирования новых объектов, МИИР, как уполномоченный орган, вынуждено собирает все заявки, поступающие из регионов. Регионы в свою очередь, используя имеющуюся возможность субсидирования из Республиканского бюджета (*далее - РБ*) на сегодня направили **170 новых заявок** (из них 164 – локальные и только 6 –

групповых (в т.ч. Кентау – Туркестан и Беловодский групповые водопроводы). С реализацией Программы по обеспечению питьевой водой количество объектов будет ежегодно увеличиваться, тем более критериев по отбору нет.

По мере включения в Перечень новых объектов водоснабжения растет финансирование с госбюджета. Так в 2019 году в РБ (трансфертами общего характера) на субсидирование тарифа на воду предусмотрено **11 млрд. тенге**. По итогам исполнения поручения Главы Государства по снижению тарифов – экономия по субсидиям составила лишь **337 млн. тенге**. В случае включения в Перечень 170 новых объектов, по данным МИИР и МЭГПР, дополнительно потребуется **1,8 млрд. тенге**.

Отдельный вопрос по **тарифам на воду**. Тарифы на воду субъектам устанавливают региональные департаменты Комитета по регулированию естественных монополий (*далее – КРЕМ*) Министерства национальной экономики. При этом стоимость 1 куб. метра питьевой воды варьируется **от 54 тг (Карагандинская обл. КГП «Жигер Су»)** до **3564 тг (Костанайская область, ГКП «Аркалык теплоэнергетическая компания»)**.

Водо-подающие организации в сельских населенных пунктах (СНП) в основном являются государственными коммунальными предприятиями (ГКП). На них, зачастую, местные исполнительные органы (*далее – МИО*) возлагают еще и дополнительные функции коммунального хозяйства. В целях поддержания *безубыточности* ГКП, МИО не заинтересованы в низком тарифе на воду, а для сохранения социальной стабильности просят о его субсидировании.

Кроме того, имеется несоответствие между функциями отраслевых Министерств. Перечень объектов утверждается МЭГПР. В тоже время администратором программы, финансированием и утверждением Правил субсидирования занимается МИИР. На наш взгляд задача МИИР строительство и ввод объектов, дальнейшая эксплуатация водохозяйственных объектов и выработка политики прерогатива МЭГПР.

Для стабилизации сложившейся ситуации и реализации единого подхода, считаем необходимым:

1. разграничить полномочия по субсидированию объектов водоснабжения, а именно, групповые водопроводы, находящиеся на балансе РГП «Казводхоз», продолжить субсидировать из РБ, а полномочия, в том числе финансирование, по субсидированию локальных водопроводов **передать на уровень МИО (в рамках разграничения полномочий между уровнями государственного управления)**.

2. **КРЕМ МНЭ РК совместно с МФ, МИИР, МЭГПР** необходимо провести совместный анализ тарифов в части их обоснованности.

3. В целях равного доступа к питьевой воде и справедливой стоимости тарифа для населения в Правилах возможно предусмотреть новые критерии субсидирования.

К примеру, «субсидированию подлежит стоимость воды свыше 300 тенге за куб. метр». То есть если тариф ниже 300 тенге за куб. метр - не субсидируется. Свыше, в зависимости от разницы: тариф 500 тенге за куб. метр - положена субсидия 200 тенге; тариф 1000 тенге – субсидия 700 тенге.

*На сегодня, субсидии получают все, кто подал заявки, несмотря даже на низкий тариф. Есть примеры, когда при тарифе 100 тенге за куб. метр, субсидируется 70% и потребителю вода обходится 30 тенге. При таком подходе возникает вопрос о ценности и экономии, отметим речь идет о **питьевой воде**.*

Депутаты

Н.К. Ашимбетов

Б.С. Оспанов

Н.Б. Альтаев

Е.Х. Барлыбаев

С.А. Звольский

С.А. Каныбеков

А.О. Конуров

М.Б. Темиржанов

*исп. Адылханова М.А.
тел.: 74-64-51*